



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№

№ исх: 21-09/3236 дз от: 01.07.2022

№ вх.2635//21-09/3236дз от: 01.07.2022

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Сенатының  
депутаттарына  
(тізім бойынша)

2022 жылғы 9 маусымдағы  
№16-13-136Д/С сауалға

**Құрметті депутаттар!**

Биыл қазақ әдебиеті мен журналистика саласында өшпес із қалдырған белгілі қаламгер Шерхан Мұртазаның туғанына 90 жыл толып отыр. Жазушының ел мүддесі үшін атқарған еңбегі мемлекет тарапынан жоғары құрметке лайық.

Бұл ретте қолданыстағы «Мерейтойлар мен атаулы күндерді мерекелеу туралы» Үкімет қаулысына сәйкес жекелеген тұлғалардың мерейтойлары алғашқы жүз жылдықта – жүз жылдығы, одан кейінгі жүзжылдықтарда әрбір жиырма бес жылда аталып өтіледі.

Осы орайда Ш. Мұртазаның мерейтойы заңнамаға сәйкес мерзім толған кезде мерейтойлар тізбесіне енгізіліп, тиісті жұмыстар жүргізілетін болады.

Дегенмен, бүгінгі күні тұлғаның есімін ұлықтау мақсатында бірқатар шаралар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда Ш. Мұртазаның есімі Жамбыл мен Түркістан облыстарында 6 объектіге (білім беру, мәдениет мекемелері), Ақтөбе облысы мен Алматы қаласында көшелерге берілген.

Нұр-Сұлтан қаласы көшелерінің біріне Ш. Мұртазаның есімін беру туралы ұсыныс а.ж. 15 маусымда өткен Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты көпшілік тыңдауларында қолдау тауып, бұдан әрі қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес тиісті жұмыстар жүргізілуде. Ал білім мекемелерінің біріне жазушының есімін беру туралы ұсыныс алдағы уақытта өтетін қалалық ономастика комиссиясының отырысына енгізілетін болады.

Сондай-ақ тұлғаның туған жері Жамбыл облысы Жуалы ауданы, Талапты ауылында Шерхан Мұртаза әдеби-мемориалдық үйінің ашылуы, «Ауылды, сені

сағындым...» атты Ш. Мұртазаның қолжазбалары жинағының тұсаукесері, республикалық ғылыми-практикалық конференция, «Шерхан оқулары» байқауы, облыстық ақындар айтысы, ұлттық спорт түрлерінен жарыстар, салтанатты жиындар, «Шынның жүзі - Шераға» республикалық ақындар мүшәйрасын өткізу және Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларындағы ұлттық кітапханаларда тұлғаның кітап көрмесі мен дөңгелек үстел өткізу, Алматы қаласының Орталықтандырылған кітапхана жүйесінде бірқатар іс-шаралар өткізу жоспарланып отыр.

Бүгінгі күні Тараз қаласында Ш. Мұртазаға арнап орнатылатын ескерткіштің эскиздік жобалары Жамбыл облысының зиялы қауым өкілдерінен құралған арнайы комиссияда сараланды. Алдағы уақытта жобалар Қазақстан Республикасының Монументтік өнер құрылыстарын орнату жөніндегі Мемлекеттік комиссияның қарауына жолданып, заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес тиісті жұмыстар жүргізілетін болады.

Деректі фильм түсіру туралы шешімі «Кинематография туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес уәкілетті орган Сараптама кеңесінің оң қорытындысы және Ұлттық фильмдерді мемлекеттік қаржылық қолдау мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның ұсынымы негізінде қабылдайды.

Аталған мәселе бойынша киножобалардың авторлары тарапынан ашық конкурс арқылы ұсыныс берілген жағдайда, «Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы белгіленген тәртіпке сәйкес Кеңес пен Комиссияның қарауына жинақтап енгізеді. Әрі қарай мәселе заңнама аясында қарастырылатын болады.

Сонымен қатар мүдделі мемлекеттік органдарға Ш. Мұртазаның 90 жылдық мерейтойын атап өту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және тиісті жұмыстарды ұйымдастыру тапсырылды.

Мәдениет және спорт министрлігі қабылданаған шаралар мен жүргізілген жұмыстардың қорытындысы бойынша депутаттық корпусты қосымша хабардар ететін болады.

**Ә. Смайылов**

**Тізім**

**Ә. НҰРАЛИЕВ**

**Қ. ҚОЖАМЖАРОВ**

**Б. ОРЫНБЕКОВ**

**Н. ЖҮСІП**

**М. БАҚТИЯРҰЛЫ**

**А. КҮРІШБАЕВ**

**М. ЖҰМАҒАЗИЕВ**

**Д. МУСИН**

**С. ДҮЙСЕМБИНОВ**

**Е. МАМЫТБЕКОВ**

**О. БУЛАВКИНА**

**Н. БЕКНАЗАРОВ**